

"Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Созақ ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 110 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 сәуірде № 4578 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 123 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 24.05.2023 № 123 (алғашқы ресми жарияланган күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңының 33-бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 13 "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" бұйрығымен бекітілген "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың үлгілік әдістемесіне сәйкес Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16299 тіркелген, Созақ ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Созақ ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Созақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 наурыздағы № 66 "Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Созақ ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 4003 нөмірімен тіркелген, 2017 жылды 12 сәуірде "Созақ-ұні" газетінде және 2017 жылғы 11 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Созақ ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Созақ ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Қ.Оразовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Полатов

Созақ ауданы
әкімдігінің 2018 жылғы
13 Сәуірдегі № 110
қаулысымен бекітілген

"Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Созақ ауданы әкімі аппараты мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Созақ ауданы әкімі аппараты мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңының 33-бабының 5 тармағына сәйкес әзірленді және "Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Созақ ауданы әкімі аппараты мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі - "Б" корпусының қызметшілері) қызметін бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Әдістемеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) тікелей басшы – дербес бағынысында болып табылатын бағаланушы қызметшіге қатысты тұлға;

2) жоғары тұрған басшы – дербес бағынысты болып табылатын, бағаланушы қызметшінің тікелей басшысына қатысты тұлға;

3) нысаналы мақсатты индикаторлар (бұдан әрі – НМИ) – мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, "Б" корпусы қызметшісінің қызметінің ерекшелігіне сәйкес (процесстік жұмысты қоспағанда) белгіленетін, "Б" корпусы қызметшілері қол жеткізген жағдайда олардың қызметінің тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіштер;

4) жеке жұмыс жоспары – "Б" корпусы қызметшісінің бағалау кезеңіне НМИ қарастырылған және тікелей басшысымен бірлесіп құрылатын, жоғары тұрған басшымен бекітілген құжат;

5) құзыреттер – нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді түрде атқару үшін қажетті білімнің, икемнің және дағдылардың жиынтығы;

6) мінез-құлық индикаторы – "Б" корпусы қызметшісінің мінез-құлық және құзыреттер деңгейі көрінісінің сипаттамасы;

3. "Б" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін айқындау үшін өткізіледі.

4. "Б" корпусы қызметшісінің нақты лауазымға келу мерзімі үш айдан кем болған жағдайда соның ішінде әлеуметтік демалыстан шыққаннан немесе оқуды аяқтағаннан кейін, сондай-ақ сынақ мерзімінде бағалау өткізілмейді.

Бағалауды өткізу кезінде "Б" корпусы қызметшілері еңбек демалысында, жалақы сақталмайтын демалысында, уақытша еңбекке жарамсыздығы кезеңінде, іс-сапарда немесе тағылымдамада болғанда, сондай-ақ қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілгенде жұмысына қайта кіріскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде бағалаудан өтеді.

5. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды тұлғамен (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) персоналды басқару қызметі немесе ол болмаған жағдайда персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) (бұдан әрі – персоналды басқару қызметі) міндеттерін атқару жүктелген өзге құрылымдық бөлімше (тұлға) жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамы уәкілетті тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 17.05.2022 № 140 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

6. Бағалау екі жеке бағыт бойынша жүргізіледі:

- 1) НМИ жетістіктерін бағалау;
- 2) "Б" корпусы қызметшілерінің құзыреттерін бағалау.

7. НМИ орындалуын бағалау нәтижелері бонустар төлеу, көтермелеу, ротациялау, мемлекеттік лауазымдардан төмендету немесе босату үшін шешім қабылдауға негіз болып табылады.

Құзыреттерді бағалау нәтижелері "Б" корпусы қызметшісінің қажетті құзыреттерін дамытуға негіз болып табылады. Бұл ретте, құзыреттерді бағалау нәтижелері бонустар төлеуге, көтермелеуге, ротациялауға, мемлекеттік лауазымдардан төмендетуге немесе босатуға әсер етпейді.

8. Бағалауға байланысты құжаттар персоналды басқару қызметінде бағалау аяқталғаннан кейін үш жыл бойы сақталады.

2-тарау. НМИ анықтау тәртібі

9. Бағалау кезеңі басталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің НМИ тікелей басшымен жеке жұмыс жоспарында осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысанда анықталады.

10. Жеке жұмыс жоспары тиісті НМИ әзірленген соң, ол бекіту үшін жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

11. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның (жергілікті атқарушы органның) бірінші басшысы болған жағдайда жеке жұмыс жоспары осы лауазымды тұлғамен бекітіледі.

12. НМИ осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмese жоғары тұрған басшы жеке жұмыс жоспарын түзетуге қайтарады.

Жеке жұмыс жоспарын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, түзетуге жолданған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

13. НМИ:

- 1) нақты (күтілетін оң өзгерістер көрсетіле отырып қол жеткізуге тиісті нәтиже анық белгіленеді);
- 2) өлшемді (НМИ өлшеу үшін нақты критерийлер белгіленеді);
- 3) қолжетімді (НМИ қолда бар ресурстарды, құзыреттер мен шектеулерді ескере отырып белгіленеді);
- 4) уақытпен шектеулі (НМИ қол жеткізу мерзімі белгіленеді);
- 5) мемлекеттік органның стратегиялық мақсатын жүзеге асыруға бағытталған болуы тиіс.

14. НМИ саны 5 құрайды.

15. Жеке жұмыс жоспары персоналды басқару қызметінде сақталады.

3-тарау. НМИ жетістігін бағалау тәртібі

16. Жеке жұмыс жоспарында көрсетілген НМИ жетістігіне бақылау жүргізу мақсатында тікелей басшы НМИ-да белгіленген жетістіктерге тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

Тоқсан сайынғы мониторинг қортындысы бойынша тікелей басшы бағалауға жататын "Б" корпусы қызметшісіне НМИ-ге жету және сол үшін қажетті шаралар бойынша жазбаша ұсыныстар береді.

17. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда НМИ бойынша бағалау парагын толтырады және оған қол қояды.

18. Жеке жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын бағалау жеке жұмыс жоспары құрылған жыл қорытындысы бойынша НМИ бағалау негізінде келесі тәртіпте жүзеге асырылады.

НМИ барлығы орындалған жағдайда "өте жақсы" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 4-і орындалған жағдайда "тиімді" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-і орындалған жағдайда "қанағаттанарлық" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-тен азы орындалған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

НМИ-дің орындалуы жеке жоспарда қарастырылған барлық көрсеткіштердің толық орындалуын көздейді.

19. Бағалау парагы тікелей басшымен толтырылғаннан кейін, ол жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

20. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның бірінші басшысы болған жағдайда бағалау парагы оның қарауына енгізіледі.

21. "Б" корпусы қызметшісінің бағалау парагын қарау қорытындысы бойынша жоғары тұрған басшымен келесі шешімдердің бірі қабылданады:

1) бағалаумен келісу;

2) түзетуге жіберу.

22. Бағалау парагы НМИ қол жеткізуін дәлелдейтін фактілердің жеткіліксіздігі немесе дәйексіздігі болған жағдайда түзетуге жолданады.

23. Бағалау парагын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, оны түзетуге жолдағаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

24. Жоғары тұрған басшымен бағалау парагына қол қойылғаннан кейін персоналды басқару қызметі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

4-тарау. Құзыреттерді бағалау тәртібі

25. Құзыреттерді бағалау тікелей басшымен жүргізіледі және оның нәтижесі бойынша осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалау парагы толтырылады.

26. Бағалау парагын толтыру барысында әр құзырет бойынша "Б" корпусы мемлекеттік лауазымдар санаттары үшін осы Әдістеменің 4-қосымшасымен көзделген мінез-құлық индикторларының жиынтығын басшылыққа алу қажет. Бір құзырет бойынша мінез-құлық индикаторларының саны 10-нан аспайды.

27. Қызметші құзыретінің даму деңгейі бағалау кезеңінде оның қызметінде көрінген мінез-құлық индикторларының санымен келесі тәртіпте анықталады:

1) қызметшінің қызметінде белгілі бір құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының 3/4 немесе одан көбі байқалған жағдайда "күтілген нәтижеге сәйкес" бағасы қойылады.

2) қызметшінің қызметі нақты құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының 3/4-нен кеміне сәйкес келмесе, бағаланатын құзырет бойынша "күтілген нәтижеге сәйкес емес" бағасы қойылады.

28. Тікелей басшымен бағалау парагына қол қойылғаннан кейін персоналды басқару қызметі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

5-тaraу. Бағалау нәтижелерін Комиссиямен қарау және бағалау нәтижесіне шағымдану

29. Персоналды басқару қызметі Комиссия тәрағасының келісімімен бағалауды өткізу кестесін қалыптастырады және бағалауды өткізуге дейін жеті жұмыс күні аралығында бағалауды жүргізетін тұлғаларды бағалау жүргізу туралы хабарлайды.

30. Комиссияның отырысы оның құрамының кем дегендे үштен екісі қатысқан жағдайда өкілетті болып есептеледі.

31. Комиссияның тәрағасын не мүшесін алмастыру комиссияны құру туралы бұйрыққа өзгертулер енгізу арқылы уәкілетті тұлғаның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

32. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

33. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, бағалау жөніндегі комиссия тәрағасының дауысы шешуші болып табылады.

34. Комиссияның хатшысы персоналды басқару қызметінің қызметшісі болып табылады. Комиссияның хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

35. Персоналды басқару қызметі Комиссия тәрағасымен келісілген мерзімдерге Комиссия отырысының өткізілуін қамтамасыз етеді.

36. Персоналды басқару қызметі Комиссияның отырысына келесі күжаттарды ұсынады:

1) толтырылған бағалау парактарын;

2) осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес Комиссия отырысының хаттамасының жобасын;

37. Комиссия бағалау нәтижелерін қарайды да келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) бағалау нәтижелерін бекіту;

2) бағалау нәтижелерін қайта қарau.

38. Бағалау нәтижелерін қайта қарau туралы шешім қабылданған жағдайда Комиссия бағалау нәтижесін түзетіп, оны хаттаманың "Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)" графасында көрсетіледі.

39. Бағалаудың нәтижелері уәкілетті тұлғамен бекітіледі және осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті хаттамасында тіркеледі.

40. Персоналды басқару қызметі "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң екі жұмыс күні ішінде таныстырады.

41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысадан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, персоналды басқару қызметімен және мемлекеттік органның басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

Бұл ретте танысадан бас тартқан қызметшілерге бағалау нәтижелері мемлекеттік органдардың интранет-порталы және/немесе мемлекеттік қызмет персоналы бойынша автоматтандырылған бірыңгай дереккөр (ақпараттық жүйенің) не электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы осы Әдістеменің 40-тармағында көрсетілген мерзімде жолданады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 17.05.2022 № 140 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

42. Алынып тасталды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 17.05.2022 № 140 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

43. "Б" корпусы қызметшісінің Комиссия шешіміне шағымдануы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда немесе оның аумақтық департаментінде шешім шықкан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Шағымдарды қарau қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) мемлекеттік органға Комиссия шешімін жойып, "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қарau бойынша ұсыныс беру;

2) "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қараусыз қалдыру.

44. "Б" корпусы қызметшісі бағалау нәтижелеріне сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

"Б" корпусындағы аудандық
бюджеттен

қаржыландырылатын
атқарушы органдардың
мемлекеттік әкімшілік
қызметшілері мен Созак
ауданы әкімі аппаратының
мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін
бағалаудың әдістемесіне

1-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"

Жоғары тұрған басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші
әріптері)

күні _____
колы _____

"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жеке жұмыс жоспары

ЖЫЛ

(жеке жоспар құрастырылатын кезең)

Қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) _____

Қызметшінің лауазымы: _____

Қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: _____

№ п/п	Нысаналы мақсатты индикаторлар дын атауы	Қа й мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатынан түйінделеді	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Қол жеткізу мерзімдері	Түйінді нәтиже*
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____

* Нысаналы мақсатты индикатор қол жеткізуден күтілетін оң өзгерістер

Тікелей басшы

Қызметші

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні _____

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні _____

КОЛЫ _____

КОЛЫ _____

Б" корпусындағы аудандық
бюджеттен
қаржыландырылатын
атқаруышы органдардың
мемлекеттік әкімшілік
қызметшілері мен Созақ
ауданы әкімі аппаратының
мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін
бағалаудың әдістемесіне
2-қосымша

Нысан
"БЕКІТЕМІН"
Жоғары тұрған басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші
әріппері)

КҮНІ _____
КОЛЫ _____

НМИ бойынша бағалау парагы

(Т.А.Ә., бағаланатын тұлғаның лауазымы)

(бағаланатын кезең)

№ п/п	Нысаналы мақсатты индикаторларды н атауы	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Нақты мәні	Көрсеткішке қол ж е т т і / көрсеткішке қол жетпеді

Бағалау нәтижесі _____
(қанағаттанарлықсыз, қанағаттанарлық, тиімді, өте жақсы)

Қызметші

(тегі, аты-жөні)
КҮНІ _____
КОЛЫ _____

Тікелей басшы

(тегі, аты-жөні)
КҮНІ _____
КОЛЫ _____

"Б" корпусындағы аудандық
бюджеттен
қаржыландырылатын
атқаруышы органдардың
мемлекеттік
әкімшілік қызметшілері мен
Созақ
ауданы әкімі аппаратының

мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін
бағалаудың әдістемесіне
3-қосымша
Нысан

Құзыреттер бойынша бағалау парагы

_____ жыл
(бағаланатын жыл)
Бағаланатын қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Бағаланатын қызметшінің лауазымы: _____
Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы:

№ п/с	Құзыреттер атауы	Бағалау нәтижелері (күтілетін нәтижеге сәйкес/күтілетін нәтижеге сәйкес емес)	Қызметшіде байқамаган мінез-құлық индикатор атауы (күтілетін нәтижеге сәйкес емес бағасын алған жағдайда)
1	Қызметті басқару		
2	Ұнтымақтастық		
3	Шешім қабылдау		
4	Жеделділік		
5	Өздігінен даму		
6	Қызметті тұтынушыға бағдарлану *		
7	Қызметті тұтынушыларды хабарландыру *		
8	Адалдық		
9	Жаупкершілік		
10	Бастамашылдық		
11	Стресске орнықтылық		

*Лауазымдық міндеттеріне мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жатпайтын "Б" корпусының мемлекеттік қызметшілері "Қызметті тұтынушыға бағдарлану" және "Қызметті тұтынушыларды хабарландыру" құзыреттері бойынша бағаланбайды.

Қызметші

(тегі, аты-жөні)
күні _____
қолы _____

Тікелей басшы

(тегі, аты-жөні)
күні _____
қолы _____

"Б" корпусындағы аудандық
 бюджеттен
 қаржыландырылатын
 атқарушы органдардың
 мемлекеттік әкімшілік
 қызметшілері мен Созақ ауданы
 әкімі аппаратының мемлекеттік
 әкімшілік қызметшілерінің
 қызметін бағалаудың
 әдістемесіне
 4-қосымша
 Нысан

Құзыреттердің мінез-құлық индикаторлары

Ескеरту. 4-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 17.05.2022 № 140 қаулысымен (алғашқы реңми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Құзыреттер атауы	Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаты	Тиімді мінез-құлық индикаторлары	Тиімсіз мінез-құлық индикаторлары
қызметтік басқару	E-1; E-R-1.	<ul style="list-style-type: none"> •Стратегиялық бағыттарға сәйкес нақты міндеттер қояды және тапсырмалар береді; •Бөлімшениң берілген міндеттерді сапалы және уақтылы орындаудың ұжымды бағыттайтын және жағдай жасайды; •Бөлімшесінде жұмысын басымдылығына қарай тиімді үйымдастырады; 	<ul style="list-style-type: none"> •Стратегиялық бағыттарға сәйкес нақты міндеттер қоя алмайды және тапсырмалар береді алмайды; •Берілген міндеттерді сапалы және уақтылы орындаудың ұжымды бағыттамайды және жағдай жасамайды •Бөлімшесінде жұмысын басымдылығына мән бермей тиімсіз үйымдастырады;
	E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы).	<ul style="list-style-type: none"> •Бөлімшениң қызметін жоспарлауда мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдайды және басшылыққа енгізеді; •Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарлайды және үйымдастырады, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етеді; •Қызметкерлердің койылған міндеттердің орындалуы барысындағы қызметіне бақылау жүргізеді; 	<ul style="list-style-type: none"> •Бөлімшениң қызметін жоспарлауда мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдамайды және басшылыққа енгізбейді; •Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарламайды және үйымдастырмайды, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етпейді; •Қызметкерлердің койылған міндеттердің орындалуына бақылау жүргізбейді;

		<ul style="list-style-type: none"> •Бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етеді; 	<ul style="list-style-type: none"> •Бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етпейді;
	E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.	<ul style="list-style-type: none"> •Басымдылығына карай тапсырмаларды маныздылығы ретімен қояды; •Басшылықта сапалы құжаттар дайындауды және енгізеді; ; •Өлшеулі уақыт жағдайында жұмыс жасай алады; •Белгіленген мерзімдерді сақтайды. 	<ul style="list-style-type: none"> •Тапсырмаларды жүйесіз орындайды; •Сапасыз құжаттар әзірлейді; •Жедел жұмыс жасамайды; •Белгіленген мерзімдерді сақтамайды.
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ	E-1; E-R-1.	<ul style="list-style-type: none"> •Өз құзыреті шегінде қызметкерлерді мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді қарым-қатынасқа бағдарлайды ; •Қойылған міндеттерге кол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады; •Басқа бөлімшелермен бірлесіп жоспарды жүзеге асырады және ортақ нәтижеге кол жеткізеді. 	<ul style="list-style-type: none"> •Өз құзыреті шегінде қызметкерлерді мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді қарым-қатынасқа бағдарламайды ; •Қойылған міндеттерге кол жеткізу үшін кейбір қызметкерлердің әлеуетін пайдаланады; •Басқа бөлімшелермен бірлесіп жоспарды жүзеге асыра алмайды және ортақ нәтижеге кол жеткізбейді.
	E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (құрылымдық бөлімшениң басшысы).	<ul style="list-style-type: none"> •Ұжымда сенімді қарым-қатынас орнатады; •Бөлімшениң қоғаммен тиімді жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасайды; •Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліседі; •Әрқайсының нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтайды. 	<ul style="list-style-type: none"> •Ұжымда өзара сенімсіз қарым-қатынас орнатады; •Бөлімше және қоғаммен тиімді жұмыс ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасамайды; •Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліспейді; •Бағыныстағы тұлғалардың нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтамайды.
	E-3; * E-4;	<ul style="list-style-type: none"> •Ұжымның жұмысына үлесін қосады және қажет болған жағдайда түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінеді; 	<ul style="list-style-type: none"> •Жұмыста тұйықтық ұстанымын білдіреді және түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінбейді;

	E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.	<ul style="list-style-type: none"> •Мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптерімен қарым-қатынасты дамытады; •Талдау барысында пікір алмасады және талқылау нәтижесін ескере отырып, тапсырмаларды орындайды. 	<ul style="list-style-type: none"> •Әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен және әріптерімен өзара әрекеттеспейді; •Әріптерімен мәселелерді талқыламайды.
	E-1; E-R-1.	<ul style="list-style-type: none"> •Міндеттерді дұрыс бөле алады; •Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауіптер туралы хабарлайды; •Шешім қабылдау барысында альтернативті ұсыныс жасайды; •Тиімді және жүйелі шешім қабылдайды; •Жеке тәжірибесіне, басқа даманызды болып табылатын мәліметтерге негізделген шешім қабылдайды 	<ul style="list-style-type: none"> •Бөлімшеде міндеттерді дұрыс бөле алмайды; •Орын алуы мүмкін қауіптер туралы хабарламайды; •Шешім қабылдау барысында альтернативті ұсыныс жасамайды; •Тиімсіз және жүйесіз шешім қабылдайды; •Шешім қабылдау барысында тек өзінің жеке тәжірибесіне және көзқарасына сенеді.
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы).	<ul style="list-style-type: none"> •Бөлімше қызметін ұйымдастыруды тапсырмаларды дұрыс бөле алады; •Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды ұйымдастырады ; •Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылайды; •Әртүрлі дереккөздерден алынған мағлұматтарды ескере отырып, мүмкін болатын қауіптерді талдайды және болжамдайды; •Мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескере отырып, құзыреті шегінде шешім қабылдайды. 	<ul style="list-style-type: none"> •Бөлімше қызметін ұйымдастыруды тапсырмаларды дұрыс бөле алмайды; •Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды сирек ұйымдастырады; •Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылаудан бас тартады және басқалардың пікірін ескермейді; •Әртүрлі дереккөздерден алынған мағлұматтарды ескермейді, мүмкін болатын қауіптерді талдамайды және болжамайды; •Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескермейді.
	E-3; * E-4;	•Қажетті мәліметтерді таба алады;	•Қажетті мәліметтерді таба алмайды;

	E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.	•Мүмкін болатын қауіптерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше жолын ұсынады; •Өзінің пікірін негіздей алады.	•Мүмкін болатын қауіптерді ескермейді немесе мәселелерді шешудің альтернативасын ұсынбайды; •Негізсіз пікір білдіреді.
ҚЫЗМЕТТИ ТҮТЫНУШЫҒА БАҒДАРЛАНУ	E-1; E-R-1.	•Стратегиялық мақсаттар мен басымдылықтарды ескеріп, нақты міндеттер қоя алады; •Қызмет көрсетудің тиімді әдістерін біледі; •Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді; •Қызмет тұтынушылардың қанағаттанушылығына талдау жүргізеді және қызмет көрсетуді жетілдірудің жолдарын қарастырады.	•Стратегиялық мақсаттар мен басымдылықтарды ескермей, анық емес міндеттер қоя алады; •Қызмет көрсетудің әдістері туралы шала-шарпы біледі; •Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етпейді; •Көрсетілетін қызмет бойынша тұтынушылардың қанағаттанушылығына талдау жүргізбейді және қызмет көрсетуді жетілдірудің жолдарын қарастырмайды.
	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы).	•Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және туындаған мәселелерді шешеді; •Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттанушылық дейгейін анықтауға жағдай жасайды; •Қызмет көрсетудің сапасын бақылайды, сондай-ақ жеке үлгі болу арқылы көрсетеді.	•Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырмайды және туындаған мәселелерді шешпейді; •Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттанушылық дейгейін анықтауға жағдай жасамайды; •Сапасыз қызмет көрсетуге жол береді, қызықпаушылық білдіреді.
	E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.	•Сыпайы және тілеквестікпен қызмет көрсетеді; •Қызмет көрсетуге қанағаттанушылық деңгейін талдайды және оларды жетілдірудің жөнінде ұсыныстар енгізеді; •Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныс енгізеді.	•Қызмет алушыға дөрекілік және немікрайлылық білдіреді ; •Тұтынушының сұрақтары мен мәселелеріне мән бермейді; •Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша белсенділік танытпайды.

<p>ҚЫЗМЕТТІ ТҮТЫНУШЫҒА АҚПАRATTАНДЫРУ</p>	<p>E-1; E-R-1.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Үжымға қызмет алушы тұтынушылар арасында көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарды жеткізу қажеттілігі туралы үнемі түсіндреді; • Көрсетілетін қызметтер тұрали ақпараттандырудың тиімді тәсілін құрастырады. 	<ul style="list-style-type: none"> • Үжымға қызмет алушы тұтынушылар арасында көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарды жеткізу қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізбейді; • Көрсетілетін қызметтер тұрали ақпараттандырудың тиімсіз тәсілін құрастырады.
	<p>E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (құрылымдық бөлімшениң басшысы).</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Бағыныстағыларды қызмет алушыларды қолжетімді ақпараттандыруға бағдарлайды; • Тұтынушыға ақпараттарды құрметпен және игілікпен жеткізеді; • Қызмет тұтынушыларының пікірін құрметтейді. 	<ul style="list-style-type: none"> • Бағыныстағылармен қызмет алушыларды ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізбейді; • Тұтынушыға ақпараттарды жеткізбейді немесе немқұрайлы және жақтырмай жеткізеді; • Қызмет тұтынушыларының пікірін елемейді.
	<p>E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімді тәсілдерін қолданады; • Тұтынушыға ақпаратты қолжетімді ауызша және жазбаша түрде жеткізеді; • Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алады. 	<ul style="list-style-type: none"> • Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімсіз тәсілдерін қолданады; • Тұтынушыға ақпаратты ауызша және жазбаша түрде жеткізбейді немесе түсініксіз жеткізеді; • Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алмайды.
	<p>E-1; E-R-1.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Үжымға жаңа басымдықтарды жеткізбейді немесе мерзімнен кеш жеткізеді; • Өзгерістерді уақтылы елеу үшін тиімді шаралар қабылдамайды немесе тиімсіз шаралар қабылдайды; • Бөлімшени тиімді басқарады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізеді; • Жұмыстың жаңа бағыттарын қолдану 	<ul style="list-style-type: none"> • Үжымға жаңа басымдықтарды жеткізбейді немесе мерзімнен кеш жеткізеді; • Өзгерістерді уақтылы елеу үшін шаралар қабылдамайды немесе тиімсіз шаралар қабылдайды; • Бөлімшени тиімсіз басқарады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізбейді; • Жұмыстың жаңа бағыттарын қолдану

		бойынша ұсыныстарын талдайды және басшылыққа енгізеді.	бойынша ұсыныстарын талдамайды және басшылыққа енгізбейді.
ЖЕДЕЛДІЛІК	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы).	<ul style="list-style-type: none"> • Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарайды және басшылыққа енгізеді; • Болып жатқан өзгерістерге талдау жасайды және жұмысты жақсарту бойынша уақтылы шаралар қабылдайды; • Өзгерістерді дұрыс қабылдауды өзінің үлгі өнегесімен көрсетеді. 	<ul style="list-style-type: none"> • Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарамайды және басшылыққа енгізбейді; • Болып жатқан өзгерістерге талдау жасамайды және жұмысты жақсарту бойынша шаралар қабылдамайды; • Болып жатқан және күтілмеген өзгерістер кезінде өзін-өзі бақыламайды.
	E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.	<ul style="list-style-type: none"> • Жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді; • Оларды енгізуін жаңа бағыттары мен әдістерін үйренеді; • Өзгеріс жағдайларында өзін -өзі бақылайды; • Өзгеріс жағдайларында тез бейімделеді. 	<ul style="list-style-type: none"> • Жұмыстың қолданыстағы рәсімдері мен әдістерін ұстанады; • Жаңа бағыттар мен әдістерді зерттеп оларды енгізбейді; • Өзгеріс жағдайларында өзін-өзі бақылай алмайды ; • Өзгеріс жағдайларында бейімделмейді немесе баюя бейімделеді.
	E-1; E-R-1.	<ul style="list-style-type: none"> • Үлгілі қызметкерлерді жоғарылату туралы ұсыныстарды қарастырып, енгізеді. • Қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдайды; • Әріптестерімен жинақталған тәжірибесімен, білімімен бөліседі, сондай-ак, олардың даму деңгейін анықтайды; • Өздігінен дамуға ұмтылышын өзінің жеке үлгісінде көрсетеді; 	<ul style="list-style-type: none"> • Үлгілі қызметкерлерді анықтамайды және оларды жоғарылату туралы ұсыныстарды қарастырмайды; • Қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдамайды немесе жүйесіз шараларды қабылдайды; • Әріптестерімен жинақталған тәжірибесімен, білімімен бөліспейді, сондай-ак, олардың даму деңгейін анықтамайды; • Өздігінен дамуға ұмтылышын өзінің жеке үлгісінде көрсетуге көніл бөлмейді.

ӨЗДІГІНЕН ДАМУ	<p>E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы).</p>	<ul style="list-style-type: none"> •Бағыныстылардың құзыреттер деңгейін жоғарылату бойынша іс-шаралар ұсынады; •Мақсатқа жету үшін өзінің құзыреттерін дамытады және оларды бағыныстыларда дамыту үшін шаралар қабылдайды; •Бағыныстылармен олардың құзыреттерін, оның ішінде дамуды қажет ететін құзыреттерді талқылайды. 	<ul style="list-style-type: none"> •Бағыныстылардың құзыреттер деңгейінің жоғарылауына қызығушылық танытпайды; •Мақсатқа жету үшін өзінің және бағыныстыларының құзыреттерін дамытпайды; •Бағыныстылармен олардың құзыреттерін талқыламайды.
	<p>E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.</p>	<ul style="list-style-type: none"> •Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытады; •Өзіндігінен дамуға үмтүлады, жаңа ақпараттар мен оны қолданудың әдістерін ізденеді; •Тәжірибеде тиімділікті арттыратын жаңа дағдыларды қолданады. 	<ul style="list-style-type: none"> •Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытпайды; •Өзіндігінен дамуға үмтүлмайды, жаңа ақпараттар мен оны қолдану әдістерімен қызықпайды; •Өзінде бар дағдылармен шектеледі.
	<p>E-1; E-R-1.</p>	<ul style="list-style-type: none"> •Жұмыскерлермен әдептілік нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етеді; •Ұжымда мемлекеттік қызметтің әдептілік нормалары мен стандарттарына берілгендей деңгейін дамытады; •Басқалардың жетістіктерін мойындаиды, әріптестерінің намысы мен абыроына нұқсан келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан тартынады; •Әдептілік нормалардың бұзылғандығын елең ескереді және анықтайады; •Риясыздық, әділдік, адальиеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы 	<ul style="list-style-type: none"> •Жұмыскерлермен әдептілік нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етпейді; •Мемлекеттік қызмет жолын ұстаушылық әркімнің жеке ісі деп есептейді; •Басқалардың жетістіктерін мойындаиды, әріптестерінің намысы мен абыроына нұқсан келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылауга жол береді; •Әдептілік нормалардың бұзылғандығын елең ескермейді; •Риясыздық, әділдік, адальиеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы

	<p>мен абыройына күрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> •Өзінің бөлімше жұмысының тәжірибесінде ашықтық, шынайылық және әділдікке бағытталған әдеп нормалары мен құндылықтарды біріктіреді; 	<p>мен абыройына күрмет танытпайды;</p> <ul style="list-style-type: none"> •Өзінің бөлімше жұмысының тәжірибесінде ашықтық, шынайылық және әділдікке бағытталған әдеп нормалары мен құндылықтарды біріктірмейді; 	
АДАЛДЫҚ	<p>E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы).</p>	<ul style="list-style-type: none"> •Белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың сакталуын бақылайды; •Ұжымның мүддесін өз мүддесінен жоғары қояды; •Жұмыста табандылық танытады; •Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырады; •Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сактауды қамтамасыз етеді; •Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыройына күрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады. 	<ul style="list-style-type: none"> •Ұжымда белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың орын алудына жол береді; •Өз мүддесін ұжым мүддесінен жоғары қояды; •Жұмыста табандылық танытпайды; •Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырмайды; •Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сактауды қамтамасыз етпейді;
	<p>E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.</p>	<ul style="list-style-type: none"> •Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сүйенеді; •Өзінің жұмысын адаптацияның барысында немісрайлылық білдіреді; •Өзін адаптацияның барысында немісрайлылық білдіреді; •Өзін адаптацияның барысында немісрайлылық білдіреді; 	<ul style="list-style-type: none"> •Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай келмейтін мінез-құлықтар танытады; •Өзінің жұмысын орындау барысында немісрайлылық білдіреді; •Өзін адаптацияның барысында немісрайлылық білдіреді; •Өзін адаптацияның барысында немісрайлылық білдіреді;

			басқаларға дөрекілік және менсізбеушілік қасиеттерін танытады;
СТРЕССКЕ ОРНЫҚТЫЛЫҚ	E-1; E-R-1.	•Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.	•Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.
	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы).	•Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.	•Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.
	E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.	•Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.	•Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.
ЖАУАПКЕРШІЛІК	E-1; E-R-1.	•Құрылымдық бөлімшениң қызметін үйімдастыруды жеке жауапкершілігіне алады.	•Құрылымдық бөлімшениң қызметін үйімдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады.
	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы).	•Құрылымдық бөлімшешін қызметін үйімдастыруды жеке жауапкершілігіне алады.	•Құрылымдық бөлімшениң қызметін үйімдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады.
	E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.	•Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықта болады.	•Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықты басқа тұлғага артады.
		•Қызмет тиімділігін жогарылатуға бағытталған	•Қызмет тиімділігін жогарылатуға бағытталған

	E-1; E-R-1.	инновациялық тәсілдер мен шешімдер енгізу жөніндегі ұсыныстарды түзеді және қарастырады.	инновациялық тәсілдер мен шешімдер енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлемейді және қарастырмайды.
БАСТАМАШЫЛДЫҚ	E-2; E-3 (Кұрылымдық бөлімшенің басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Кұрылымдық бөлімшенің басшысы).	•Кызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдайды және енгізеді.	•Кызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдамайды және енгізбейді.
	E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.	•Ұсыныстар мен бастамаларын енгізеді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындаиды.	•Ұсыныстар мен бастамаларын енгізбейді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындаиды.

"Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын
атқарушы органдардың
мемлекеттік әкімшілік
қызметшілері мен Созак
ауданы әкімі аппаратының
мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін
бағалаудың әдіstemесіне
5-қосымша
Нысан
"БЕКІТЕМІН"
Жоғары тұрган басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші
әріптері)

күні _____

жыл _____

Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

(мемлекеттік органның атауы)

(бағалау мерзімі жыл)

Бағалау нәтижелері

№ p/c	Қызметшілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Бағалау нәтижелері туралы мәлімет	Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)	Комиссияның ұсыныстары
1.				
2.				
...				

Комиссия қорытындысы: _____

Тексерілді:

Комиссияның хатшысы: _____ Күні: _____

(тегі, аты-жөні, қолы)

Комиссияның төрағасы: _____ Күні: _____

(тегі, аты-жөні, қолы)

Комиссияның мүшесі: _____ Күні: _____

(тегі, аты-жөні, қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК